

5B060300 – механика мамандығы

Механика бакалаврының қызмет ету бағыты:

- механика және техникалық ғылым саласында ғылыми-зерттеу қызметі;
- ғылыми-өндірістік және өндірістік мекемелерде инженерлік қызмет;
- ЖООда жаратылыстану-техникалық бағытта бірнеше пән бойынша білім беру;
- орта мектепте физика, математика, информатика пәндерінен сабақ беру;

Даярлау бағыты:

- Теориялық және аспан механикасы;
- Деформацияланатын қатты дене механикасы;
- Сұйық және газ механикасы;
- Машина, манипулятор және робототехникалық жүйелер механикасы.

Механика бакалаврының ғылыми қызметінің мазмұны:

- теориялық механика саласында – массасы тұрақты және өзгермелі қатты дене қозғалысын зерттеу, байланысқан механикалық жүйелердің байланысы, аспан механикасы;
- деформацияланатын қатты дене механикасы саласында – жер асты құрылысы және конструкция механикасы, машина, құрал және аппаратураның динамикасы және беріктігі;



Лаборатория механики материалов и робототехники

- сұйық және газ механикасы саласында – сұйық және газдың еркін, каналдық, тұзу


ағысын зерттеу, газсұйықтықты ортада жылу-массаалмасу үрдістері;



Лаборатория гидравлики и фильтрации

- Машина, манипулятор және робототехникалық жүйелер механикасы саласында –

Машина және робототехникалық жүйелердің динамикасына және басқаруын зерттеу, механизмдерді талдау және синтездеу, роторлы жүйелердің тербелісі және орнықтылығы



Бакалавриат бітірушісіне **5B060300-механика** мамандығы бойынша жаратылыстану бакалавры дәрежесі беріледі.

Университетті "**5B060300-Механика**" мамандығы бойынша бітірген соң осы мамандық бойынша немесе осы мамандыққа жақын ғылыми бағытта **магистратурада** (оқу мерзімі 2 жыл), ары қарай **PhD докторантурада** (оқу мерзімі 3 жыл) жалғастыра алады.



GEO-ENERGIES

2010 жылдан бастап кафедрада қос диплом беру жүйесі бойынша қазақ-француз ғылым және білім ГЕО-ЭНЕРГЕТИКА (**GEO-ENERGIES**) орталығында PhD докторанттарды және магистранттарды біріктіре дайындау жұмыстары жүргізіледі.

«Механика» кафедрасының шет мемлекеттерімен көптеген ғылыми байланыстары бар:


University of Tokyo (Жапония), Peking University (Қытай), Pittsburg University, University of Virginia, Austin University at Texas (АҚШ), AGH University of Science & Technology (Польша), Universitate Heidelberg, Universitate Karlsruhe (Германия), сонымен қатар Ресей университеттері мен ғылыми институттары:

Губкин атындағы нефть және газ РМУ, ТПМИ СБ РФА (Новосибирск), ММУ-дің механика институты (Мәскеу), Жоғары температура институты (Мәскеу), ж.с.с.

«Механика» кафедрасы түлектерінің жұмыс орны:

Механика бакалавры инженер, ғылыми-зерттеу институтының және әр түрлі ғылыми орталықтардың ғылыми қызметкері, программист, желілер мен деректер базасының администраторы, аналитик, логистик, математика, механика және информатика пәндерінен мұғалім т.с.с. жұмыстар жасай алады. Көптеген түлектер тек білімдендіру мен ғылыми-зерттеу мекемелерінде ғана емес, мемлекеттік мекемелер мен басқару аппараттарында, банктік ортада және жеке меншік фирмаларында да жұмыс істеуде.

5B074600 – ғарыштық техника және технологиялары мамандығы



Ғарыштық техника және технологиялар бакалаврының қызмет ету бағыты:

Ғарыштық техниканы жобалау, жөндеу және қолданысқа беру жұмыстары, жердегі ғарыштық инфроқұрылымдық жабдықтар, ғарыштық техниканы құрастыру және пайдалану.

Даярлау бағыты:

- Ғарышқа ұшу механикасы және ұшу аппараттарымен басқару;

- Ғарыштық технологиялар

Кәсіби қызметтің мазмұны кәсіби қызметтің түрімен анықталады және келесідей түрге бөлінеді:

өндірістік-технологиялық қызмет:

- ғарыштық жүйелердің элементтеріне және модульдеріне берілген бағдарлама және зерттеу әдісі бойынша зерттеу жүргізу;

- материалдар, құрал-жабдықтар шығынына технологиялық есеп жүргізу, типтік жабдық таңдау, жұмыс өндірісінің экономикалық тиімділігін алдын-ала бағалау;

жобалық-конструкторлық қызмет:

- ғарыштық жүйелердің элементтеріне және модульдеріне жүйелік, эскиздік және техникалық жобаларды қолдану;

- ғарыштық техниканы құрастыру кезінде ақпараттық технологияны пайдалану;

участие в выполнении системного, эскизного,

тәжірибелік-зерттеу қызметі:




- әдеби, патент көздерін таңдап және оқу негізінде берілген облыста қойылған есепті зерттеуде талдау жасау;

- қойылған есепті шешу үшін математикалық модель, компьютерлік модель құру

Ұйымдастыру-басқару қызметі:

- жұмыс орнын ұйымдасытыру және техникалық жарықтандыру;

- жұмыстың орындалуын техникалық бақылау;



FTT студенті UNIFORM-2 жапондық микросерікті интеграциялау сәті

Бакалавриат бітірушісіне "5B074600- Ғарыштық техника және технологиялар" мамандығы бойынша жаратылыстану бакалавры дәрежесі беріледі.

Университетті "5B060300- Механика" мамандығы бойынша бітірген соң осы мамандық бойынша **магистратурада** (оқу мерзімі 2 жыл), ары қарай **PhD докторантурада** (оқу мерзімі 3 жыл) жалғастыра алады.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Механика-математика факультеті
«МЕХАНИКА» кафедрасы

ТАЛАПКЕР– 2015



**СІЗДЕРДІ - БОЛАШАҚ
МЕХАНИКТЕРДІ
және
ҒАРЫШТЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯ
саласының мамандарын
КҮТЕМІЗ!!!**

Телефон: +7 (727) 300-61-22

Эл. почта: Zhanylkul.Turarova@kaznu.kz

Web: www.kaznu.kz